

Сарыкөл ауданының мәслихаты

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы  
мәслихатының 2019 жылғы 3  
шілдедегі № 271 шешімі. Қостанай  
облысының Әділет  
департаментінде 2019 жылғы 12  
шілдеде № 8585 болып тіркелді

Мәслихат Сарыкольского района

**Мәслихаттың 2014 жылғы 8 тамыздағы № 202 «Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Сарыкөл кентінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың «Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Сарыкөл кентінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы» 2014 жылғы 8 тамыздағы № 202 шешіміне (2014 жылғы 9 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5017 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы»;



---

қазақ тіліндегі көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын,  
орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген шешімнің 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«2. Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.»;

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихаттың  
2019 жылғы 3 шілдедегі  
№ 271 шешіміне  
қосымша

Сарыкөл  
аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 8 тамыздағы  
№ 202 шешіміне  
қосымша

**Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің жергілікті  
қоғамдастық жиындарына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің  
сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің тұрғындары үшін	30